

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 ақпанда № 14780 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 181 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.05.2020 № 181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің бір данада ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 30 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 31 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 27 қаңтардағы
№ 29 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Аудандар бойынша субсидиялар көлемдері жергілікті атқарушы органның қаулысымен, ал республикалық маңызы бар қала, астана бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен белгіленеді.

3. Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (бұдан әрі – субсидиялар нормалары) екі данада жасалады және облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) қарауға тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей ұсынылады.

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі мен субсидиялар нормаларын Министрлікке келісуге берген кезде субсидиялардың белгіленген нормасын негіздейтін құжаттар (ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында аккредитациясы бар және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын аграрлық бейінді ғылыми ұйымдармен келісілген әрбір субсидияланатын дақыл бойынша шығындар есептемелері) қоса беріледі.

Министрлік он жұмыс күні ішінде оң шешім шығарған жағдайда, басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесінің және (немесе) субсидиялар нормаларының бір данасын тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады немесе теріс шешім шығарған жағдайда, басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі мен субсидиялар нормаларының екі данасын да пысықтауға жолдайды. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының пысықтау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және субсидиялар нормалары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен тиісті жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі және тиісті жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесіне және (немесе) субсидиялар нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші – төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қаулы интернет-ресурсқа орналастырылғаннан кейін, Министрлік екі жұмыс күні ішінде басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесінің және (немесе) субсидиялар нормаларының бұрын келісілген тізбеге және субсидиялар нормаларына сәйкестігін салыстырып тексереді.

2-тарау. Субсидиялар алушылар

4. Субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – ауылшартауарөндіруші) және (немесе) ауыл шаруашылығы кооперативтеріне (бұдан әрі – ауылшаркооперативі) осы Қағидаларда белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын басым дақылдарды және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндіру шығындарын ішінара өтеуге бөлінеді.

3-тарау. Субсидияларды алу шарттары

5. Субсидиялар Министрлікпен келісім бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының

қаулысымен белгіленген басым ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша 1 тоннаға және (немесе) субсидиялар нормалары бойынша 1 гектарға төленеді.

6. Субсидияларды төлеу мынадай шарттарды сақтаған кезде жүзеге асырылады:

1) майлы дақылдар бойынша – қайта өңдеу кәсіпорнына қайта өңдеуге тапсырылған майлы дәндердің 1 тоннасына 100 %.

Майлы дақылдардың әр түрі бойынша субсидиялар нормалары өңірлердегі олардың басымдығына қарай сараланып белгіленеді;

2) күріш, сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс, біржылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда) бойынша – егіс науқанының қорытындысы бойынша 1 гектарға 100 %.

Күріш өсірумен айналысатын және 200 гектардан кем күріштің егіс алаңы бар ауылшартауарөндірушілерге, егер олар ауылшаркооперативіне мүше болып табылмаса, субсидиялар нормасынан 50 % мөлшерінде субсидиялар төленеді;

3) егістікте және (немесе) шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін себілген бірінші жылы өсіп жатқан көп жылдық шөптер бойынша – биылғы жылғы көктемнің немесе өткен жылғы күздің егіс науқанының қорытындысы бойынша 1 гектарға 100 %;

4) қант қызылшасы (фабрикалық) бойынша - қант зауытына қайта өңдеуге тапсырылған қант қызылшасының 1 тоннасына 100 %;

5) мақта бойынша:

егіс науқанының қорытындысы бойынша 1 гектарға – 50 %;

мақта өңдеу зауытына қайта өңдеуге тапсырылған шитті мақтаның 1 тоннасына – 50 %.

Мақта өсірумен айналысатын және 50 гектардан кем мақтаның егіс алаңы бар ауылшартауарөндірушілерге, егер олар ауылшаркооперативіне мүше болып табылмаса, субсидиялар нормасынан 50 % мөлшерінде субсидиялар төленеді;

б) қорғалған топырақ жағдайында өңдеп өсірілетін көкөніс дақылдары бойынша – жылыжай типіне және кіші типіне қарай сараланған және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қорғалған топырақта көкөніс дақылдарын өндіруді субсидиялау схемасына сәйкес бір гектарға көзделген субсидиялардың жылдық нормасы бойынша.

Бұл ретте жалпы қорғалған топырақтағы көкөніс дақылдарының екіден аспайтын дақыл айналымы субсидияланады: біріншісі – ағымдағы жылғы 1 қаңтардан 15 маусымға дейін және екіншісі – 1 қыркүйектен 30 қарашаға дейін (қысқы-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер). Дақыл айналымының белгіленген басталу және аяқталу күндерінен 15 күнге ауытқуға жол беріледі.

Жылыжайлар типтер бойынша өнеркәсіптік жылыжай кешендері және фермерлік жылыжайлар болып бөлінеді.

Өнеркәсіптік жылыжай кешендері – механикаландыру құралдарын пайдалана отырып, жыл бойы жұмыс істейтін, жарық өткізгіш бүйір қоршаулары және төбе жабыны бар үй-жай түрінде орындалған, кемінде 5 000 м² жалпы мүкәммалдық ауданы бар және жылыту (орталық немесе газбен немесе автономды), климаттық бақылау (оның ішінде ауаны қосымша ылғалдандырудың автоматтандырылған жүйесін), жарық беру (бар болса), перделеу, тамшылатып суару жүйелерін қамтитын қорғалған топырақ құрылыстары кешендері.

Бұл ретте өнеркәсіптік жылыжай кешендері жарық беру жүйесі бар және жарық беру жүйесі жоқ кіші типтерге бөлінеді.

Фермерлік жылыжайлар – жарық өткізгіш бүйір қоршаулары және төбе жабыны, жылыту (бар болса) және тамшылатып суару жүйесі бар үй-жай түрінде орындалған, көкөніс дақылдарын, сондай-ақ, ашық топыраққа отырғызу үшін олардың көшеттерін жыл бойы немесе маусымдық өсіруге арналған және өнеркәсіптік жылыжай кешендері үшін көзделген жабдықтармен және техникалық құралдармен жарақтандырудың техникалық өлшемдері бойынша сәйкес келмейтін қорғалған топырақ құрылысы.

Бұл ретте фермерлік жылыжайлар жылыту жүйесі бар және жылыту жүйесі жоқ кіші типтерге бөлінеді.

7. Субсидиялар егістік жерде өңдеп өсірілетін себілген басым ауыл шаруашылығы дақылдарының алаңдарына және (немесе) шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптердің алаңдарына ғана төленеді.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басым дақылдарды және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басым дақылдарды және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға арналған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауылшартауарөндірушілері және (немесе) ауылшаркооперативтері тізіміне (бұдан әрі – субсидиялар алуға арналған тізім) қосу үшін республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім) тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап қабылдайды. Бұл ретте өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні тиісті жылдың 1 желтоқсанынан ерте болмауы тиіс.

8. Ауылшартауарөндірушілер және (немесе) ауылшаркооперативтері осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімдерде өтінімді және нөмірі көрсетілген банктік шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банк не

Ұлттық почта операторы анықтамасын (бұдан әрі – анықтама) бір данада ұсынады. Бұл ретте өтінім мен анықтама:

бөлімге не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына қағаз түрінде;

не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде беріледі.

9. Өнімнің 1 тоннасына субсидиялар алу үшін ауылшартауарөндірушілер және (немесе) ауылшаркооперативтері өтінімде қосымша:

қайта өңдеу кәсіпорнымен жасалған ауыл шаруашылығы өнімін тапсыру туралы шарттардың;

қайта өңдеу кәсіпорны шеккен шығындарын (өтінім беру сәтіне) растайтын төлем құжаттарының бар болуына қатысты мәліметтерді көрсетеді.

10. Қорғалған топырақта көкөніс өндірумен айналысатын ауылшартауарөндірушілер және (немесе) ауылшаркооперативтері субсидиялар алуға арналған тізімге қосу үшін өтінімде жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жылыжайдың (қорғалған топырақ ғимаратының) болуы мен жұмыс алаңының көлемі туралы техникалық паспортының бар болуына қатысты мәліметтерді қосымша көрсетеді.

4. Субсидияларды есептеу тәртібі

11. Субсидиялар ауылшартауарөндіруші және (немесе) ауылшаркооперативі өтініш берген субсидиялауға жататын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының немесе қайта өңдеуге тапсырылған өнімнің көлемдерінен және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен бекітілген субсидиялар нормаларынан мына формулалар бойынша есептеледі:

1) майлы дақылдар, қант қызылшасы және мақта бойынша:

$$C = 3 \times H_c, \text{ мұнда}$$

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

3 – өтініш берілген егіс алаңы немесе өтініш берілген қайта өңдеуге тапсырылған өнім көлемі, гектар немесе тонна;

H_c – субсидиялар нормасы, теңге;

2) күріш, сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс, бір жылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда), шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші жылы өсіп жатқан көп жылдық шөптер бойынша:

$$C = 3 \times H_c, \text{ мұнда}$$

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

З – өтініш берілген егіс алаңы, гектар;

H_c – субсидиялар нормасы, теңге;

3) қорғалған топырақ жағдайында өңдеп өсірілетін көкөніс дақылдары бойынша:

$C = 3 \times (H_c \times D/100)$, мұнда

C – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

З – өтініш берілген егіс алаңы, гектар;

H_c – субсидиялар нормасы, теңге;

D – жылыжайды қолданысқа енгізу жылына қарай субсидиялар нормасынан субсидия төлеу үлесі.

5. Субсидиялар төлеу тәртібі

12. Бөлім осы Қағидалардың 8-10-тармақтарында көрсетілген өтінімдер мен құжаттарды (бұдан әрі – құжаттар) алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Ауылшартауарөндіруші және (немесе) ауылшаркооперативі құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, өтінім мен құжаттар бес жұмыс күні ішінде ауылшартауарөндірушіге және (немесе) ауылшаркооперативіне пысықтауға қайтарылады.

13. Бөлім ауылшартауарөндіруші және (немесе) ауылшаркооперативі ұсынған құжаттардың негізінде бес жұмыс күні ішінде субсидиялар алуға арналған тізімді жасайды, республикалық маңызы бар қалаға, астанаға, ауданға (облыстық маңызы бар қалаға) жеткізілген басым ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша субсидиялау көлемін бөледі және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – басқарма) субсидиялар алуға арналған тізімді, қабылдау актілерін және қазынашылық органдарына ұсыну үшін нөмірі көрсетілген банктік шоттың бары туралы екінші деңгейдегі банк, ұлттық почта операторы анықтамасын бір данада ұсынады.

Ауылшартауарөндірушіні және (немесе) ауылшаркооперативін субсидиялар алуға арналған тізімге енгізуден бас тартқан жағдайда, екі жұмыс күні ішінде бөлім ауылшартауарөндірушіге және (немесе) ауылшаркооперативіне бас тарту себептерін көрсете отырып, тиісті анықтама береді.

Ауылшартауарөндірушіні және (немесе) ауылшаркооперативін субсидиялар алуға арналған тізімге енгізуден бас тарту туралы шешім "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Жаңартылған Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 19-1-бабы 2-тармағында белгіленген негіздер бойынша қабылданады.

14. Басқарма ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауылшартауарынөндірушілерге және (немесе) ауылшаркооперативтеріне бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған ведомості және төлем шоттарын қалыптастырады.

Төлем жүргізген кезде басқарма аумақтық қазынашылық бөлімшесіне қағаз тасығышта ұсынған жағдайда, екі данада төлем шоттарын қоса бере отырып, төлем шоттарының тізілімін ұсынады, ал төлем шоттарын "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі арқылы жүргізген кезде, төлем шоттарының тізілімдері ұсынылмайды.

Тиесілі субсидияларды ауылшартауарөндірушілердің және (немесе) ауылшаркооперативтерінің банктік шоттарына аударуды басқарма:

1) майлы дақылдар, қант қызылшасы, мақта және қорғалған топырақ жағдайында өңдеп өсірілетін көкөніс дақылдары бойынша тиісті жылдың 25 желтоқсанына дейін;

2) күріш, сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс, бір жылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда), шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші жылы өсіп жатқан көп жылдық шөптер бойынша тиісті жылдың 15 шілдесіне дейін жүзеге асырады.

6. Субсидиялау бойынша есептілік

15. Басқарма тиісті жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Министрлікке субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдарын субсидиялауға бөлінген бюджеттік қаражатты игеру жөніндегі жиынтық ақпарат облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында жылына бір рет, тиісті жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей орнастырылады.

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру

Қорғалған топырақта көкөніс дақылдарын өндіруді субсидиялау схемасы

(пайызбен)

Субсидиялауға жататын жылыжайдың қолданысқа енгізілген жылы	Субсидияларды белгіленген нормалардан саралап төлеу үлесі, жылдар бойынша				
	2017	2018	2019	2020	2021
2012	20				
2013	40	20			
2014	60	40	20		
2015	80	60	40	20	
2016	100	80	60	40	20
2017	100	100	80	60	40
2018		100	100	80	60
2019			100	100	80
2020				100	100
2021					100

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына

2-қосымша

Нысан

бар _____ ауданының (облыстық маңызы маңызы бар қаланың, астананың) Республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Ауыл шаруашылығы бөлімі

Басым дақылдарды және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға арналған өтінім

_____ негізінде әрекет ететін

(кұрылтай құжаты)

—
—
—
(ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші немесе ауыл шаруашылығы кооперативі)

атынан бірінші басшы _____

—
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

—
мынадай алқапта ауыл шаруашылығы дақылдарының төмендегідей түрлерін өсіру үшін субсидия бөлуді сұрайды:

_____ гектар _____ гектар _____
(алаңы) (дақыл) (алаңы) (дақыл)

_____ гектар _____ гектар _____

—
(алаңы) (дақыл) (алаңы) (дақыл)

_____ гектар _____ гектар _____

—
(алаңы) (дақыл) (алаңы) (дақыл)

№	Деректер көзі*	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік** немесе анықтама – заңды тұлға үшін	тіркеу нөмірі	
		тіркелген күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркелген күні	
		кім берді	
2.	Жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға үшін	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
		берілген күні	
	Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – жеке тұлға үшін	орналасқан жері	
		тіркелген күні	

		кім берді	
3.	Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	акт нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаңы, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер пайдаланушының атауы	
4.	Қайта өңдеу кәсіпорнымен жасалған ауыл шаруашылығы өнімін тапсыру туралы шарт	нөмірі	
		салыстырып тексеру актісі	
		өнім көлемі, тоннамен	
5.	Қайта өңдеу кәсіпорнының шеккен шығындарын (өтінім беру сәтіне) растайтын төлем құжаттары	нөмірі және берілген күні	
		қайта өңдеу кәсіпорнының атауы	
		қайта өңдеу кәсіпорнының тұрған жерінің мекенжайы	
6.	Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жылыжайдың болуы мен жұмыс алаңы туралы техникалық паспорты (қорғалған топырақта көкөніс өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер немесе ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін)	мекенжайы	
		кадастрлық нөмірі	
		түгендеу нөмірі	
		нысаналы мақсаты	
7.	Ауыл шаруашылығы кооперативінің анықтамасы (бар болса)	кор санаты	
		нөмірі және берілген күні	
		кооператив атауы	

Ескертпе:

* өтінім берушіден аталған құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін талап етуге тыйым салынады.

* "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр (бар болса) орны

20__ жылғы " __ " _____

Өтініш 20__ жылғы " __ " _____ карауға қабылданды.

_____ (қолы) (өтінішті қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Басым дақылдар өндіруді
субсидиялау арқылы өсімдік
шаруашылығының
шығымдылығын және өнім
сапасын арттыруды, жанар-
жағармай материалдарының
және көктемгі егіс пен егін
жинау жұмыстарын жүргізу
үшін қажетті басқа да тауарлық-
материалдық құндылықтардың
құнын және ауыл шаруашылығы
дақылдарын қорғалған
топырақта өңдеп өсіру
шығындарының құнын
субсидиялау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Басым дақылдарды және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға арналған _____ республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері және ауыл шаруашылығы кооперативтері тізімі

№	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің БСН/ЖСН	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Егіс алаңы, гектар (өндірілген өнім көлемі , тоннамен)	1 гектарға (1 тоннаға) арналған субсидиялар нормасы, теңге	Төленуге жататын бюджеттік субсидиялар көлемі, теңге (4-баған x 5-баған)
1	2	3	4	5	6	7

_____ ауданы бөлімінің басшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр (бар болса) орны

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына
4-қосымша
Нысан

"Бекітемін"

Басқарма басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған ведомость

№	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің атауы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің БСН/ЖСН	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Егіс алаңы, гектар (өндірілген өнім көлемі, тоннамен)	1 гектарға (1 тоннаға) арналған субсидиялар нормасы, теңге	Төленуге жататын бюджеттік субсидиялар көлемі, теңге (4-баған x 5-баған)
1	2	3	4	5	6	6

--	--	--	--	--	--	--

Басқарманың қаржы бөлімінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Бөлім басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) , қолы)

Басым дақылдар өндіруді
субсидиялау арқылы өсімдік
шаруашылығының
шығымдылығын және өнім
сапасын арттыруды, жанар-
жағармай материалдарының
және көктемгі егіс пен егін
жинау жұмыстарын жүргізу
үшін қажетті басқа да тауарлық-
материалдық құндылықтардың
құнын және ауыл шаруашылығы
дақылдарын қорғалған
топырақта өндеп өсіру
шығындарының құнын
субсидиялау қағидаларына

5-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Басқарма басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)

20 ___ жылғы " ___ " _____

_____ облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдарын
субсидиялауға _____ жылы бөлінген бюджеттік қаражаттың игерілуі
жөніндегі жиынтық ақпарат

№	А у ы л шаруашылығы дақылдары	Егіс алаңы гектар	Сатып алынған немесе қайта өңдеуге өткізілген өнім көлемі, тоннамен	1 гектарға арналған субсидиялар нормасы, теңге	1 тоннаға арналған субсидиялар нормасы, теңге	Бөлінген субсидиялар көлемі, мың теңге	Игерілгені , мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиыны						

Субсидия алған шаруашылық жүргізуші субъектілер саны

--	--	--	--	--	--	--

	Акционерлік қоғамдар	Шаруашылық серіктестіктер	Шаруа қожалықтары	Өндірістік кооперативтер	Басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер
Саны бірлік					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК